

**«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА
«АЛАҢДАҒЫ БЕСТЕМШЕ»
ОЙЫНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Астана, 2023

УДК 373.2
ББК 74.100
Ж 18

Әдістемелік құрал Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңесінде қарастырылып, ұсынылды.

(2023 жылғы 24 наурыздағы №2 хаттама)

Әдістемелік құрал Астана қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота» балабақшасы базасында әзірленген.

Пікір жазғандар:

Алматы облысы, «Сандуғаш» балабақшасының меңгерушісі М.М.Бигельдинова.
әдіскер Абдульдинова А.А.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға «Алаңдағы бестемше» ойынын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал. Дайындаған: М. А. Жолбарысова.– Астана, 2023.-77 б.

Бұл әдістемелік көмекші құралда ересек және мектепалды топтарында «Алаңдағы бестемше» деп аталатын ұлттық ойынды ойнатудың әдістемесі көрсетілген. Жұмыста ойынның мақсат-міндеттері, ойналу реті, тәрбиелік маңызы қарастырылған.

Әдістемелік көмекші құрал мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне, ата-аналарға арналған.

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі мекемелердің міндеттерінің бірі баланың дене, зияткерлік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, тиісті мінез-құлықтарын қалаптастыру болып табылады. Осы орайда мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру, бала жастан бастап елжандылыққа тәрбиелеу шеңберінде адами құндылықтарға негізделген ұлттық дүниетанымдық сипаттағы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатты түрде қамтылады. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, күн тәртібін құруда олардың үнемі қозғалыста болуы, қимыл-қозғалысын меңгеруі, үйлесімді қарым-қатынасқа түсуі жоспарланады.

Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың негізгі әрі жетекші әрекетін басшылыққа алу ретінде ойын түрлерін енгізу мақсатты орындалады. Ойын, оның түрлері, тәрбиелік маңызы ғылыми тұрғыда зерттеліп, оның практикалық қолданысы кеңінен өріс алып келеді. Кез келген халықтың географиялық орналасуы, айналысатын кәсібі мен тұрмыс жағдайына байланысты бала тәрбиесінің әдістері мен құралдары пайда болған.

Педагогика классиктері тұлғаны қалыптастыруда ойынға ерекше мән берген. Мәселен, В.А.Сухомлинский ойынды жан-жақты сипаттап, оның ақыл-ой тәрбиесінің құралы, танымдық іс-әрекетті жандандыру тәсілі және әлеуметтік бағыт, сенімділік, сана, ұйымшылдық сияқты жеке

тұлғаның шығармашылық әлеуеті қалыптасатын, адамның өзін-өзі жүзеге асыратын ерекше қызмет түрі деп тұжырымдады. [71].

Ал, Ж. Аймауытов: «Бала ойыны өте кең тақырып. Мысалы, ойын кезінде баланың шығармашылығы, еліктегіштігі қандай екенін аңғарып, баланың көбірек ойнайтын ойыны не екенін біліп алып, олардың (ойындардың) жоспарын құру керек. Ойын баланы көңілді, адал болуға баулиды» деп, ой қорытынды жасайды.

А. Байтұрсынов: «балаға ойынды үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйренуі қайсы екенін балалар айыра алмайтындай, сезбейтіндей етіп үйрету керек», деген болатын.

М. Жұмабаевтың пікірінше, ойын – ұлттық мәдениеттің қайнар көзі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі. ... Баланың қиялы ойын барысында байқалады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, соны істеуге тырысады. Бала үшін ойын шын мәніндегі бір жұмыс. Ойында бала жанындағы заттарды пайдаланады» деп, ойынның мәнін, бала өмірінде алатын орнын аша түседі.

Педагогика классиктері мен ұлт ағартушыларының идеялары қазіргі уақытта халықтың ұлттық санасын қалыптастыруға, оның дәстүрлерін, тарихын, ұлттық мәдениетін, өмір салтын насихаттауда баға жетпес үлес қосуда. Қазақ халқының ұлттық ойындарының қыр-сырын ашу үшін елеулі еңбек еткен қазақстандық ғалымдар М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Балғымбаев, Б.Досқараев, Ә. Бүркітбаев, Е. Сағындықов және т.б. еңбегі зор.

Сонымен, балаларға арналған ойындарда, әсіресе, ұлттық ойындарда баланың жас ерекшелігі, оның физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалысқа жаттықтыру, сөздік қорын молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар үйлесімді қиыстырылған. Қазақ ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі балалардың ой-өрісін, ойлау жылдамдығын дамыту, баланың қиялын байыту және шығармашылық өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерінің болуы болып табылады.

Ұлттық ойындардың белгілі бір тобын баланың танымдық белсенділігі мен өзбеттілігін дамыту бағытындағы интеллектуалдық ойындар құрайды. Танымдық белсенділік пен өзбеттілік – адамның әлемді танып білудегі қабілетті ерекше маңызды қасиеттері. Бұл қасиеттер субъектінің білуге эмоционалды-еріктік, моральдық және интеллектуалдық дайындығы ретінде анықталады. Әдетте бұл танымдық қызығушылық, білімді игерудегі ақыл-ой күштерінің қарқыны, бастаманың көрінісі ретінде анықталады.

Баланың креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білу дағдыларын яғни стандарт талаптарына сай барлық бес дағдыны дамытуға бағытталған және әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін ойындардың бірі – **«Алаңдағы бестемше» ұлттық зияткерлік ойыны.**

«Алаңдағы бестемше» ойының негізі «Бестемше» ойынының түрленген түрі. Бестемше ойыны қазақ халқының ақыл-ой ойындарының бірі.

Оның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Бестемше туралы мәліметтер өте аз. Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым, түрлерін «қоздату», «б е с т е м ш е» деп атайды. Ойын алғашқыда ашық аспан астында тас үстінде ойналған.

1-сурет «Бестемше тақтасының ең алғашқы нұсқасы» ойыны



Тоғызқұмалақ ойынның тарихы 4 мыңжылдық кезенді қамтығаны туралы мәліметтер бар, бестемше туралы жоқ. Нақты жазба деректердің болмауы кесірінен ойынның хронологиялық кезеңдері бірізді емес. Ауыз әдебиет үлгілері мен аңыз-эпсаналарда ғана тоғызқұмалақ туралы

айтылады. Ең алғашқы жазба әдебиет үлгісі ретінде Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» «Түркі сөздерінің жинағы» шығармасын айтуға болады. Шығарма ХІ ғасырда жазылған. Осы еңбекте Бестемше ойынына ұқсас ойын-«көшірме» деген атпен ұшырайды.

Бестем немесе бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткер ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик **Серікбай Тілеубаев** екенін атаған абзал. Қазіргі таңда зияткерлік ойынды зерттеуші, ғалым **Мақсат Шотаев** елордалық мектепке дейінгі ұйымдар арасында кеңінен таралуына өз үлесін қосып отыр. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойынның барынша қарапайым әрі тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын отау саны екі есе аз болғандықтан, бұл ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Ойынды балабақшада кеңінен таратып ойнату арқылы баланың арифметикалық есепке жүйрік болу қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Бестемше ойыны – математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан бала ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау – негізгі мәнге ие.

Бестемше ойынында арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 орда, 10 отау, 50 шардан тұрады.

2-сурет «Бестемше» ойыны тақтасының қазіргі нұсқасы



Ойын басында әр ойыншыға бір орда, бес отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Бұл ойын тарихында белгілі болғандай ерте кезде «Бестемше» деген атаумен танылып, балалардың сүйікті ойыны болған. Бірақ, ойынға екі бала қатысуымен ғана шектелген. Қазіргі уақытта балабақша тобындағы балалардың санының өсуіне байланысты ойынға кейбір ерекшеліктер енгізіліп, «Алаңдағы бестемше» ретінде қолданысқа ұсынылуда. Заманауи тұрғыда бейімделген «Алаңдағы бестемше» ойынына қатысатын баланың

саны 10-ға дейін артады. Сонымен қатар төмендегідей **артықшылықтар** да бар:

- ✓ Ойнау құралы ретінде құмалақтардың көлемі үлкейтілген, мектепке дейінгі жастағы баланың қауіпсіздік нормасына сәйкестендірілген;
- ✓ Балаларды қимыл-қозғалысқа түсіріп, ептілік баулиды;
- ✓ Топтағы балалар ұжымда бірігіп жұмыс мүмкіндік алады;
- ✓ Балалардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндігі мол;
- ✓ Ойын арқылы ұжымдық мақсатқа бірігу дағдылары қалыптасады;
- ✓ Ойынға қатысушы топтағы балалардың топтасып эмоционалдық қанағат алуға жағдай жасалады;

Ойынның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру арқылы мектепке дайындау.

Ойынның міндеттері:

- Ойын барысында зейінділік, есте сақтау, бақылау, шұғыл шешім қабылдау, талдау, келісу, қырағылық және т.б. дағдылардың қалыптасуына психологиялық дайындық жасау;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық танымын қалыптастыруға ықпал ету;
- Ойын ережелерін сақтау арқылы топта

жұмыс жасау, тәртіп сақтау, эмоциясын басқару, әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;

- Санау, кеңістікті бағдарлау, сөздік қорды молайту негізінде сыни ойлауға үйрету;

- Қимыл-қозғалысын жетілдіру, ептілік және шапшаңдыққа баулу негізінде денсаулығын жетілдіру.

«Алаңдағы бестемше» ойынының тәрбиелік маңыздылығы:

«Алаңдағы бестемше» ойынын адамзат мәдениетінің феномені, оның қайнар көзі ретінде қарастыруға тұрарлық. Ойынның кейбір нұсқалары әлемде ойналады. Мәдениет феномені ретінде ол үйрету, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін де толық атқарады. Сондықтан да баланы жан жақты дамытып, мектепке дайындау үшін «Алаңдағы бестемше» ойынының рөлі ерекше.

Ойын кезінде баланың психологиялық күйі арта түседі. Себебі, бала ойнайды, эмоциялық әсер алады, белсенді қозғалады, ерік-жігері мен еркіндігі өріс алады, қиялға беріліп, елестету, жобалауға ұмтылады. Мұның барлығы баланың жасампаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойынды дидактикалық ойын, қимыл-қозғалыс ойыны ретінде де қарастыруға болады. Өйткені, ойын барысында білімдік міндеттермен қатар баланы қозғалысқа түсіретін, оның моторикасын икемдейтін элементтер де бар. Қимыл – қозғалыс арқылы балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі, тәртіпке бағыну, жолдастық көмек, достық қарым-қатынас, ойын ережесін басшылыққа алу сияқты

адамгершілік сапалары тәрбеленеді. Ойын үстінде бала бейне өмірдің қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Ол ойнау арқылы өмір құбылыстарын, адам бойында кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін көріп, таниды да адамды өз ерекшелігімен қабылдай бастайды. Бұл бала бойында қалыптасуға тиісті әлеуметтік-эмоционалдық мәні бар сапа.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті ойынды ойнату барысында бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, адалдық, мейірімділік, инабаттылық, шыншылдық сезімдерін қалыптастыру.

Дұрыс та әділ ұйымдастырылған ойын еліміздің ертеңін, ұлтымыздың болашағын ойлайтын ой-өрісі кең, рухани болмысы жетілген азаматтарының қалыптасуына зор ықпал етеді.

ОЙНАУ РЕТІ МЕН ЕРЕЖЕСІ.

«Алаңдағы бестемше» сөздігі

«Алаңдағы бестемше» - тең екі бөлікке бөлінген өрнектелген арнаулы 10 отадан және 2 қазаннан тұратын арнайы кілем.

- «Тастар» - саны 50 дана, ойында пайдаланылатын тіктөрбұрышты шаршы тәріздес арнайы материалдан жасалған тастар болады.

- «Отау» - алаңдағы бестемшеде тас салынатын арнайы ұяшық.

- «Қазан» - ұтып алынған тастар салынатын шұңғыл да кең отау.

- «Бастаушы» - ойында алғашқы жүретін ойыншы.
- «Қостаушы» - бастаушыдан кейін жауап жүріске түсетін ойыншы.
- «Атсырау» - ойын соңына қарай жүрістің таусылуы.
- «Тақ сандар» - екі санына қалдықпен бөлінетін сандар.
- «Жұп сандар» - екі санына қалдықсыз бөлінетін сандар.
- «Ашық отау» - тақ санды тастары бар отау.
- «Жабық отау» - жұп санды тастары бар отау.
- «Табысты жүріс» - ұтысқа ие болған жүріс.
- «Табыссыз немесе кезекті жүріс» - ұтысқа ие болмаған жүріс.

Аталмыш сөздік пен ойынға қатысты терминдер екі ойынға да тән екендігі ескеріліп, тоғызқұмалақ ойынының ережесінен алынды.

Ойынды бастайтын ойыншылар командасы – бастаушы команда, ал оның қарсыласын - қостаушы команда деп аталады. Командада арнайы көшбасшы сайланып, жүрісті кімнің жасайтынын айтып отырады. Алғашқы жүрісті кімнің жасайтыны екі команданың көшбасшылары асықты лақтырып анықтайды. Лақтырған асықтың жатысына (алшы, бүк, шік, тәйкі) қарай анықталып, асығы **алшы** түскен команда бастайды. Асығы алшысынан түскен


команданың ойынды бастауы «Алшы» – асықтың ең жоғарғы тұрысы, жеңімпаздың, салтанат құрушының оңтайы. Қазақтың көптеген ұлттық ойындары ойынды бастау құқын анықтаудан басталады. Ол үшін әр ойыншы асықты шиіреді. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойынды бастайды. Ойын барысында кімнің асығы алшысынан түссе, сол жеңген болап саналады. Сондықтан қазақта біреуге үлкен табыс тілегенде «асығың алшысынан түссін!» деп айтады. Өйткені, «алшы» дегеніміз жолы болғанды, табысты, жеңісті, үстемдікті білдіреді.



Қарсыластар алма-кезек оң бағыттан бастап жүрістер жасайды. Ойындағы оң бағытқа жүру дәстүрлі дүниетанымдық негіздерден туындаған. Мәселен, Қ.Сапарбаев «Қазақ атқа мінгенде үзеңгіге сол аяғын салып, оң аяғын ердің оң жағына асырып түсіреді. Былайша айтқанда оң жағына бағыт ұстайды. Сол секілді «Алаңдағы бестемше» ойыншылары да шарларын жүріс кезінде оң жағындағы отауларға салып отырады. Дәл осы

жерде еске ұстарлық нәрсе сол – қазақ жүрісін өз бағытына үйлестірген». Қазақ халқы оң қол мен тамақ ішеді, келін келгенде оң аяқпен аттатады. Яғни оңға қарай бағыт алады. Мұның бәрі дәстүрлі сенімнен туындаған. **Оңға бағыт алу - табысқа жетудің бастамасы.**

2 қазандық




«Алаңдағы бестемше» ойынында - өрнектелген арнаулы кілем үстінде 2 қазандық, 10 отау, 50 тіктөрбұрышты шаршы тәріздес арнайы материалдан жасалған тастар болады.

10 отау




50 тас



Алаңдағы бестемше тастары

Тастар әр отауға бес-бестен салынады



Жүріс жасау үшін қарама-қарсы отаулардың бірінен бар тастарды қолға алып, біреуін орнына қалдырып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратылады.

Шетелдік басқа қозғалыс ойындарынан ұлттық ойынның тағы бір ерекшелігі – жүріс жасағанда отауға бір құмалақ қалдыру. Бұл ереже қазақ халқының дәстүрлі ұғымындағы "қара шаңырақты" сақтап қалу сеніміне байланысты шыққан болуы керек.

Ата-ана әрқашан кенже ұлды немесе сүйікті ұлдарының бірін қолына қалдырып, үрім-бұтағы жұрттың орнын жоғалтпай қара шаңырақтың иесі болып отырған. Қара шаңырақ дегеніміз не?

Бұл – мұрагерлік жолмен ұрпақтан-ұрпаққа көшкен бір әулеттің арғы аталарының түтін түтеткен үйі. Қазақ дәстүрі бойынша бір әкеден туған ағайындылар ержетіп, бастарын құраған соң,

өз алдарына отау тігіп, бөлек үй болады да, бірі ғана сол шаңырақта әке-шешесінің қолында қалады.


Осы ерекшелік бестемше ойынында ереже түрінде көрініс тапқан.

Жүріс жасау үшін қарама-қарсы отаулардың бірінен бар тастарды қолға алып, **біреуін орнына қалдырып**, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратылады. Тарату сәтінде тастар өз бастаушының отауларынан асып кететін болса, қарсыластың отауына да таратылады. Егер соңғы тас қарсыластың тақ санды тасы бар отауына түсіп, **ондағы шарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12)**, сол отаудағы тастар ұтып алынып, өз қазандығына салынады. Егер соңғы тас қарсыластың отауына түсіп, ондағы тастың саны **тақ болса** немесе өз отауына түссе, **тас ұтып алынбайды**.

№ 1 жүріс

Бастаушының 1 жүрісі


Мәселен, бастаушының №2 отауынан бастап таратайық. Сонда осы отаудағы шарларды таратқанда қарсыластың №1 отауына түсіп, онда 6 шар болады. Бастаушы топ ұтып алады. Сонда төмендегі позиция пайда болады.




Ендігі жүрісті қарсылас команда жүреді. Ол да солдан оңға қарай тастарды алып, бір-бірлеп жүреді. Ол тастарды отауларға таратып салғанда жұп болса, өзінің қазандығына салып алады.


№2 жүріс Қостаушының жүрісі

Егер қостаушыда № 2 отаудағы 5 шарын таратса, онда төмендегі жағдай қалыптасады. Екі ойыншының ордасында 6 шардан бар.





Отаудағы жалғыз шар көрші отауға жүргенде орны бос қалады.




Осы позицияда қостаушы № 5 отаудағы бір шарды жүрсе, орны бос қалып, қарсыластың отауынан 2 шар ұтып алады.

Бұл ойында ашық және жабық отау деген түсінік бар. Отау тақ (1, 3, 5 санды тастар) болғанда - ашық отау болып, жұп (2, 4, 6 санды тастар) болып тұрса, ол отау жабық болып есептеледі. Мәселен, бастаушы команда ойыншысы солдан оңға қарай

тастарды салады, сонда тас салынған отауда тақ санды тастар болған жағдайда оны ала алмайды. Енді жүріс ережесіне сай, 1 тасты қалдыра отырып, солдан оңға қарай қарсыластың отауларына қарай өтеді, олар тақ болып тұрса, қасына тас салған соң, жұп болады. Оларды ұтып, қазандыққа салады. Сөйтіп, жүріс жалғасып, ұтып алған тастар қазандықтарына орналастырыла береді. «Алаңдағы бестемше» ойынының тактикасы бойынша командалар бірінші ойын жағдайына қарап, отаудағы тастар санын есептейді. Отаулардың қайсы ашық, қайсы жабық екенін барлайды. Мұнда үнемі қорғана бермей, шабуылдап отыру да керек. Шабуылдап отырған адам басымдыққа ие болып, жеңіске жетуге мүмкіндігі бар. Атсырау жағдайына түспеу үшін, жүрісті үнемдеп жүріп, 5 отауға жинақтау керек. Егер қарсылас дәл осылай әрекет жасаса, онда жүрісті қысқартпай, ойын біраз ойналады.

Жабық отау




Ашық отау




Ойынға қатысушылар яғни, командалар өздерінің көшбасшылық және шығармашылық қасиеттерін жоғары деңгейде көрсете білсе, ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншы команданың отауларындағы тастар таусыла бастайды. Әр тас ұтып алынған сайын жүріс мөлшері кеми береді. Командада ойнаушылар ізденімпаздық пен тапқырлық әрекеттерін танытады. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың біреуінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай қалыптасады.

Ойыншы командалардың бірінің отауларындағы тастарды бірінші тауысып алып, жүріссіз қалуы - «**атсырау**» деп аталады. Мұндай жағдайда тастары бар команданың бір ойыншысы өз жағындағы отаулардың бірінен, қарсылас отауларына тас асып кетпейтіндей дәлдікпен 1 жүріс жасап, отаудағы бар құмалақты өзіне салып алады. Осылай, ойыншы бірінші болып 26 тас жинау арқылы немесе қарсыласты - «**атсырату**» арқылы жеңіске жетеді.

Мысалы, Бастаушы № 5 отаудағы 1 шарды жүрсе, орны бос қалады.




Сонда төмендегі позиция қалыптасады.




Бастаушының шары таусылды, қостаушы бақылау жүрісін жасап, барлық шарды өз ордасына салып алады.

Мәселен, № 2 отаудағы 2 шардың бірін
№ 3 отауға жүрді.



Ойынның аяқталуы





Қорыта айтқанда «Алаңдағы бестемше» ойынын ойнату арқылы бала ұжымдық ойлау қабілетіне, командалық жеңіліс пен жеңісті дұрыс қабылдауға, достық қарым-қатынасқа, уақытты тиімді пайдалануға үйренеді. Ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады. Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға толық мүмкіндік туады.

Бүлдіршіндерімізді халқымыздың әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеуге ынтасын ояту, ұлттық зияткерлік ойынымыз— бестемше ойыны арқылы бүлдіршіндеріміздің зияткерлік қабілеті дамытумен қатар денесін шынықтырып, тарихқа құрметпен қарауға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу – бүгінгі салауатты қоғамның басты ұстанатын қағидасының бірі болуы керек.

Ұлттық ойын – Бестемше (ойын барысы)

Қадамдарын нық басып,
Бірін – бірі құптасып,
Бестемшені ойнайды
Барлық бала жұптасып.

Төрешілер басқарар,
Үлкен -кіші жаста бар,
Жеребе де тартылып
Бірден ойын басталар.

Шешім шығып табанда,
Ойын тұрар санаңда,
Жасалады жүрістер
Арлы- берлі алаңда.

Тек мықтылар көрінген,
Ойнау керек сеніммен,
Алаңдағы тақтада
Сан бөлікке бөлінген.

Талабыңды шыңдайды,
Білу керек бұл жайды,
Солдан оңға ретімен
Бес отау тұр ыңғайлы.

Бұл ойында бәрі бар,
Шебер мықты табылар,
Үлестіріп бес тастан
Әр отауға салынар.

Санаға ой сіндірген,
Ойын сырын кім білген?
Жинайтұғын тастарды
Қазан болар бір-бірден.

Шыңдалады бағыңда,
Топқа түссең жалыңда,
Ойыншының қазаны
Қарсыластың жағыңда.

Бестемшенің алаңы,
Жадырайды ел қабағы,
Ұтып алған ойыншы
Қазанға тас салады.

Олардың көп жақтасы,
Өренді елім мақташы,
Айналады сайысқа
Бестемшенің тақтасы.

Топты жарып даралар,
Қуанады балалар,
Жиырма алты тас жинаған
Ұтқан болып саналар.

Өшпейтұғын санаңнан,
Ойын түрі жаңарған,
Бестемше – ұлт ойыны
Мұра болған бабаңнан.

Алаңдағы Бестемше

Бестемшенің алаңы,
Қызықтырар баланы,
Ойы ұшқыр болғасын
Бойы сергіп қалады.

Бестемшенің алаңы,
Нұрландырар сананы,
Жас өрендер бақ сынар
Таудай болған талабы.

Бестемшенің алаңы,
Қазақ үшін бағалы,
Шеберлікті шыңдайды
Жігеріңді жанады.

Бестемшенің алаңы,
Намыс отын жағады,
Тапқырлығын танытқан
Жүлдені де алады.

Биіктейтін өресі,
Ширайтұғын денесі,
Бала үшін – Бестемше
Ойындардың төресі.

Өрен шығар намысты

Бабам біліп бұрыннан,
Құндылығын ұғынған,
Ұлттық ойын –Бестемше
Есепке де құрылған.

Үміт күтіп баладан,
Ел қызығып қараған,
Қимылы да ерекше
Тез-тез шарды санаған.

Қыздырып сол жарысты,
Талай доспен табысты,
Өз – өзіне сенімді
Өрендер бар намысты.

Жанып үміт шырағы,
Берік мықты шыдамы,
Өй – өрісін дамытып
Көшбасшы боп шығады.

Құрмет тұтып тілімді,
Ойынды ойнап бүгінгі,
Ұрпақ өсіп келеді
Зерек ойлы білімді.

Саһамақ (сергіту)

Бірінші отау ұямыз,
Тастарды әкеп жиямыз.

Екінші отау қамалдай,
Сайысамыз амалдай.

Үшінші отау күшіміз
Берекелі ісіміз

Төртінші отау тірегім,
Мықты болсын жігерім.

Бесінші отау шебіміз,
Біз жеңеміз сеніңіз

Алтыншы отау тұрағым,
Топты жарып шығамын.

Жетінші отау ордамыз,
Жас өренді қолдаңыз

Сегізінші отау панамыз
Көңілдерді табамыз

Тоғызыншы отау айбарым,
Желбіресін байрағым.

Онныншы отау шырайлы,
Ойын бізгі ұнайды.

Он бірінші қазаным,
Елдің бұрған назарын.

Он екінші шаңырақ
Қол соғайық жамырап.

*Бестемшеге арналған өлең жолдарының авторы
Ақын Серік Молдабек*

Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік құжаттар:

- Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ даналығы. Тараз, 2000.
- Ақшораев Ә. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. Тараз, 2001.
- Есмағамбетов З. «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің негіздері» - 2011ж.
- Ноғайбаев М. "Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында". Тараз, 1999 ж.
- Тілеубаев С., Бизақов С. Тоғызқұмалақ әліппесі. А., Қанағат, 2000.
- Шотаев М., Жумабаев Н., Ақназаров С. «Таңғажайып тоғызқұмалақ» – Түркістан, 2004 ж.
- Шотаев М. Тоғызқұмалақ есептері мен этюдтері. 2014 ж., Астана
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (15 наурыз 2021 жыл ҚРҮҚ №137);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (3 тамыз 2022 жыл ҚР ОАМ № 348 бұйрығы);
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат;

State institution «Department of Education
of Astana city»
State municipal state-owned enterprise
«Methodological Center» of the Akimat of Astana

PRESCHOOL CHILDREN
ON THE ORGANIZATION
OF THE GAME
"Alandagy bestemshe"
METHODICAL MANUAL

Astana, 2023

УДК 373.2
ББК 74.100
Ж 18

The methodological tool was prepared and presented at the city educational and methodological Expert Council of the "Methodological Center" of the Astana City Administration.

(Protocol No. 2 of March 24, 2023)

It was developed on the basis of kindergarten No. 5 "Akбота" of Astana city administration.

Reviewers: head of "Sandugash Almaty" kindergarten
M. M. Bigeldinova, Almaty region
Methodologist: Abduldinova A.A.

A methodical tool for organizing the game "Alandagi bestemshe" for preschool children. Prepared by:
M. A. Zholbarysova. – Astana, 2023.-77 p.

This methodical aid shows the method of playing the national game called "Alandagi bestemshe" in adult and preschool groups. The work deals with the goals and tasks of the game, the order of playing, and the educational value.

The methodological aid is intended for educators of preschool organizations and parents.

INTRODUCTION

One of the tasks of preschool institutions is to meet the physical, intellectual and emotional needs of the child, ensuring his social development, striving for adequate behavior. In this regard, state standards and programs purposefully highlight the implementation of the "Rukhani Zhangyru" program, the organization of events of a National ideological nature based on human values, as part of the education of patriotism from childhood. Taking into account the individual and age characteristics of the pupils, during the day it is planned that they are constantly on the move, enter into harmonious relationships.

The game, its types, educational significance are studied in a scientific context, and its practical application is becoming widespread. Depending on the geographical location, profession and living conditions of any population, methods and means of raising children have appeared.

Classics of pedagogy attached great importance to the game in the formation of personality. Thus, V. A. Sukhomlinsky comprehensively characterized the game and came to the conclusion that it is a means of mental education, a way of activating cognitive activity and a special type of activity in which the creative potential of the individual is formed, such as social orientation,

confidence, consciousness, organization, self-realization. [71].

Zh. Aimautov: "Children's play is a very broad topic. For example, during the game it is necessary to understand what creativity, imitation of a child is, to find out what the game that the child plays the most is, and to make a game plan. The game forces the child to be cheerful, honest".

A. Baitursynov said: "It is necessary to teach the child to play, to involve him in the game, so that children can feel what kind of game they should teach".

According to M. Zhumabayev: "The game is a source of national culture, the main element of physical education. The child's imagination is observed during the game. He tries to do everything he sees in the life around him. For a child, playing is really a job. In the game, the child uses objects that are next to him, revealing the essence of the game, the place that the child occupies in his life".

The ideas of the classics of teachers and educators of the nation currently make an invaluable contribution to the formation of the national consciousness of the people, the promotion of its traditions, history, national culture, lifestyle. Kazakh scientists M. Tanekeev, B. Totenaev, M. Balgymbayev, B. Doskaraev, A. Burkitbayev, E. Sagyndykov, etc., who have done

considerable work on revealing the subtleties of the national games of the Kazakh people.

So, in games for children, especially national ones, the age specifics of the child, the training of his physiological development, harmonious movements, vocabulary replenishment, are very rich and harmoniously combined into pedagogical patterns. A distinctive feature of the Kazakh national games is the availability of opportunities for the development of children's thinking, enrichment of the child's imagination and creative self-expression.

A certain group of national games consists of intellectual games aimed at the development of cognitive activity and independence of the child. Cognitive activity and independence are especially important qualities of a person in cognition of the world. These qualities are defined as emotional-volitional, moral and intellectual readiness of the subject to cognition. This is usually defined as cognitive interest, the pace of mental strength in the assimilation of knowledge, the manifestation of initiative.

The national game "Alandagi bestemshe" is one of the games aimed at developing a child's creativity, communication, critical thinking and teamwork skills, that is, all five skills that meet the requirements of the standard and contribute to the formation of social and personal qualities.

The basis of the game "Alandagi bestemshe" is the game "Bestemshe". The game "Bestemshe" is one of the intellectual games of the Kazakh people. The period of its appearance covers 4 thousand years. Similar games can be found in Kyrgyzstan, Indonesia, Vietnam, Malaysia, Morocco and Turkey. There is very little data about Bestemsh. The game is described in the dictionary "Explanatory Kazakh language": "Bestemshe" and "Kazdatu" are types of the game "Togyzkumalak". Initially, the game was held in the open air on the rocks.

Figure 1 The earliest version of "Alandagi Bestemshe"



According to archaeologists, the game "Togyzkumalak" originated about 4000 years ago, while there is no information about "Bestemshe". The earliest example of written literature is "Divan lugat at-turk" — the first encyclopedic dictionary of the Turkic language, written by the lexicographer and philologist Mahmud al-Kashgari (died in 1101 or 1126). The work was written in the XI century. In this work, a game similar to the Best game is called "Koshurme". The chronological

stages of the game are not consistent due to the lack of actual written data. Only in the samples of oral literature and legends it is said about the game "Togyzkumalak".

The rules of the game "Bestemshe" were invented by Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Master of Sports and mathematician – Serikbai Toleubayev. Currently, researcher of the intellectual game, scientist Maksat Shotaev contributes to the widespread distribution of the game "Bestemshe" among the capital's preschool organizations. For preschool children, the game "Bestemshe" is simpler than "Togyzkumalak", so the possibility of spreading and developing this game is of great importance. The game is widespread in kindergartens and allows you to reveal the child's ability to arithmetic.

Bestemshe game is a game with mathematical problems. To anticipate, calculate, and imagine moves is its main core. Therefore, in the process of learning the game, the child develops the ability to strategic and systemic thinking. This will be necessary in the future in any industry. After all, even in life, the main importance is the foresight of future affairs.

Figure 2 The real version of the game board
"Bestemshe"



As it became known from history, "Bestemshe" was a favorite game of children. Only two children participated in it. Currently, some features are included in the game and it is presented in the form of the game "Alandagi bestemshe". The number of children participating in the modern form of the game "Alandagi bestemshe" has increased to 10. There are also the following advantages:

- ✓ The size of the ball has been increased as a means of playing, it meets the safety standards of a preschool child;
- ✓ Promotes dexterity and mobility of children;
- ✓ Children in the older group have the opportunity to work together in a team;

- ✓ Contribute to the formation of communication skills;
- ✓ With the help of the game, skills are formed to achieve a collective goal;
- ✓ A group of children participating in the game get emotional satisfaction.

The goal of the game is to prepare preschool children for school, through the formation of mental and motor skills.

Tasks of the game:

- During the game there is psychological preparation for the formation of skills of mindfulness, memory, control, operational decision-making, analysis, coordination, vigilance, etc.;
- Formation of national knowledge of children;
- Formation of skills of working in a group, maintaining discipline, managing emotions, socialization through compliance with the rules of the game;

Educational significance of the game "Alandagi Bestemshe":

The game "Alandagi Bestemshe" should be considered as a phenomenon of human culture, its source. Some versions of the game are played all over the world. As a cultural phenomenon, it also fully fulfills the tasks of training, development and upbringing. Therefore, the role of the game "Alandagi

Bestemshe" is especially important for the comprehensive development and preparation of the child for school.

